

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК МЕДИЦИНА

*Академическая степень магистр здравоохранения
Садырбаева Г.С.*

*Казахстан, Астана,
Российская академия народного хозяйства и государственной службы
при президенте Российской Федерации
Факультет Высшая школа корпоративного управления
НОУ «Алматы Менеджмент Университет»*

Abstract. *Industrial medicine in the developing countries is one of the challenges to be addressed in the context of socio-political relations. Barrier solutions is that in most developing countries lack the political mechanisms of integration of scientific evidence into practice - effective policies. To achieve the development of industrial medicine is possible to focus on support for scientific research. Thus, industrial medicine of the Republic of Kazakhstan is at the stage of its development, which requires an examination of the issues of development of comprehensive programs to improve in order to provide timely, safe medical care of the working population.*

Keywords: *Industrial medicine, developing country*

Дамушы елдерде өндірістік медицина әлеуметтік-саяси қатынастар тұрғысында шешімдерді талап ететін күрделі мәселе болып табылады. Шешімдер қабылдауға көптеген кедергілер көптеген дамушы елдердегі ғылыми ақпараттардың тәжірибеге интеграциялануының саяси механизмдерінің жетіспеушілігі шешім қабылдауға кедергі келтіруде. Өндірістік медицинаның дамуына әсер ету мүмкіндігі гигиеналық тұрғыдан, кәсіби денсаулықты, әсіресе өндірістік мекеменің жұмысшыларының денсалығын зерттеуге көңіл аудару арқылы туындайды. [1,2]. Дамушы елдердегі тәжірибеге сүйенсек өндірістік медицинаның дамуына қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың ықпалы өте жоғары болған.[3-7]. Еңбек гигиенасы саласында негізгі өзгерістер денсаулық қорғау мен сақтау сұрақтарында байқалған, ол қауіп-қатер мүмкіндігін бағалау және басқару болып табылады. Бұл өзгерістер экономикалық, технологиялық, әлеуметтік-саясат және аса маңызды орын алатын ғылыми қорытынды нәтижесінде құрылып енгізілген [8]. Өндірістік медицина қызметтік аясына байланысты негізгі үш салдармен айналысады:

1. Кадрлық потенциалды даярлау – дамуының алғашқы сатысында өндірістік медицина инновациялық бағыт ретінде қарастырылмаған [9]. Себебі, адами және қаржылық ресурстардың жетіспеушілігі жөніндегі ақпараттың шектеулі болуы. Сондықтан, дамушы елдерге кадрларды даярлау мен бірге әлемдік, саяси, экономикалық және әлеуметтік аспектілері контекстінде, сандық және сапалық ғылыми-зерттеу әдістемелері қолданылатын қосымша зерттеулер қажет. Оындай қосымша білім беру өндірістік медицина саласында даярлық инструменттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

2. Өндірістік медицинаның миссиясының импликациясы мен мақсаттары. Өндірістік медицинаның дамуын халықаралық ынтымақтастық арқылы зерттеу. Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау сұрақтарына байланысты зерттеулердің қол жетімді болғанын айта кету керек. Сыртқы ынтымақтастық сұрақтары жөніндегі мақалалардың аз болғандығының себебі денсаулық сақтау саласының кәсіби зерттеушісіне қол жетімсіз арнайы саяси сұрақтардың қатарына ауысқандығы.

3. Кәсіби денсаулық көрсеткіштерінде жеткен жетістіктері мен прогреске анализ жүргізу. Жұмысқа байланысты фатальді немесе фатальді емес объективті көрсеткіштер мен денсаулық көрсеткіштері осы саладағы өзгерістерді бағалауда маңызды болып саналады, алайда олар бірегей критерии бола алмайды, әсіресе дамушы елдерде [10].

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасында өндірістік медицинаның дамуы өзекті болып отыр. ҚР газ мұнай және басқа да өндірісдің болуы жұмыс спецификасын ескере отырып кәсіби медицинанан жетілдіру сұрақтарын зерттеуді талап етеді. ДДҰ берген анықтамасына сәйкес,

еңбек медицинасының мақсаты «Барлық мамандықтағы жұмысшылардың физикалық, ішкі жан дүниелік және де әлеуметтік саулығын нығайту мен сақтау, өндірістік жағдайларға байланысты денсаулық ауытқуларының алдын алу».

Әртүрлі ақпарат көздеріне сәйкес ҚР ғылыми дәлелденген әдістемелерге негізделген өндірістік медицинаның дамуына бағытталған бағдарламалардың жоқтығы анықталған. Бүгінде жеке меншік компаниялармен кәсіби-өндірістік қызметтердің коммерциализация мақсатымен ұйымдастырылуы байқалуда. Осындай жағдайлар өндірістік медицина қызметін жетілдіруді терең зерттеуді талап етеді. Денсаулық сақтау жүйесін дамытудың «Саламатты Қазақстан» 2011-2015 жылдарға арналан Мемлекеттік бағдарламасында алғашқы рет өндірістік медицина сұрақтары қарастырылған, мұнда жұмыс берушілердің өз қызметкерлерінің қолайлы және денсаулығына қолайлы жағдайларды қалыптастыруына ынталандыру.

Сонымен, Қазақстан Республикасындағы өндірістік медицина даму кезеңінде, еңбек етеуші халыққа дер кезінде, қауіпсіз медициналық көмек көрсетіту мақсатында кешенді бағдарламаларды құрастыру сұрақтарын қарастыруды талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Occupational Health Research in Developing Countries: A Partner for Social Justice Am J Public Health. 2004; 94:1916–1921
2. . Spreeuwers D, de Boer AG, Verbeek JH, van Dijk FJ. Evaluation of occupational disease surveillance in six EU countries. *OccupMed (Lond)* 2010;60:509–516.
3. Ashford NA, Caldart CC. Technology, work, and health. In: *Technology, Law, and the Working Environment*. Reved. Washington, DC: Island Press;1996:1–40.
4. Cullen MR. Personal reflections on occupational health in the twentieth century: spiraling to the future. *Annu Rev Public Health*. 1999;20:1–13.
5. Emmett EA. Occupational health and safety in national development—the case of Australia. *Scand J Work Environ Health*. 1997;23:325–333.
6. Hunter D. *The Diseases of Occupations*. 6th ed. London, England: Hodder & Stoughton; 1978.
7. LaDou J. The rise and fall of occupational medicine in the United States. *Am J Prev Med*. 2002;22:285–295.
8. Verma DK, Purdham JT, Roels HA. Translating evidence about occupational conditions into strategies for prevention. *OccupEnvironMed*. 2002;59:205–213
9. Jeyaratnam J. 1984 and occupationalhealth in developing countries.*Scand J Work Environ Health*. 1985;11:229–234
10. COST. European Cooperation in Science and Technology. ISCH COST Action IS1002. Modernet, A Network for Development of New Techniques for Discovering Trends in Occupational and Work-Related Diseases and Tracing New and Emerging Risks. http://www.cost.eu/COST_Actions/isch/Actions/IS1002 (20 April 2015, date last accessed)